

**«KazakhExport» ЭСК» АҚ  
Қоғамдық кеңесінің шешімімен  
БЕКІТІЛДІ  
2021 жылғы «\_\_» \_\_\_\_ №\_\_ хаттама**

**«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы»  
акционерлік қоғамының  
Қоғамдық кеңесі туралы ереже**

**Нұр-Сұлтан, 2021ж.**

## ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Қоғамдық кеңесі туралы ереже
ІНҚ иесі	Құқықтық қамтамасыз ету департаменті
Қолжетімділік деңгейі	Көпшілікке қолжетімді
Құрылымдық бөлімшелерді ІНҚ-мен таныстыру жөніндегі іс-шаралар	«Ішкі портал» желілік дискісінде ІНҚ орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы жіберу

## Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер .....	4
2-тарау. Қоғамдық кеңестің мәртебесі .....	4
3-тарау. Қоғамдық кеңестің мақсаты, міндеттері, қағидаттары.....	4
4-тарау. Қоғамдық кеңестің құрамы.....	4
5-тарау. Қоғамдық кеңес қызметінің тәртібі, .....	5
отырыстар өткізу және шешімдер қабылдау .....	5
6-тарау. Қоғамдық кеңестің өкілеттіктері, құқықтары мен міндеттері .....	6
7-тарау. Қоғамдық кеңес мүшелерінің жауапкершілігі .....	7
8-тарау. Қорытынды ережелер.....	7
Құпия ақпаратты жария етпеу туралы .....	8
МІНДЕТТЕМЕ.....	8

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Қоғамдық кеңесі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 69 бұйрығымен бекітілген Қоғамдық кеңес туралы үлгі ережеге сәйкес әзірленді.

2. Ереже Қоғамдық кеңестің мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, құқықтарын, міндеттері мен құрамын айқындайды.

3. Терминдер мен анықтамалар:

- 1) «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы - Қоғам;
- 2) «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы - Заң;
- 3) «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Қоғамдық кеңесі - Қоғамдық кеңес.

## **2-тарау. Қоғамдық кеңестің мәртебесі**

4. Қоғам өз құзыретінің мәселелері бойынша коммерциялық емес ұйымдармен, азаматтармен бірлесіп құратын консультативтік-кеңесші, байқаушы орган Қоғамдық кеңес болып табылады.

5. Қоғамдық кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, оған тиісті заңдарын, Президентінің, Үкіметінің актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

6. Қоғамдық кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

## **3-тарау. Қоғамдық кеңестің мақсаты, міндеттері, қағидаттары**

7. Қоғамдық кеңес қызметінің мақсаты қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша азаматтық қоғамның пікірін білдіру болып табылады.

8. Қоғамдық кеңестің міндеттері:

- 1) Қоғам деңгейінде талқылау және шешім қабылдау кезінде азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру және жұртшылықтың пікірін есепке алу;
- 2) Қоғамның азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылын дамыту;
- 3) қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және Қоғам қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

9. Қоғамдық кеңес өз қызметін:

- 1) тәуелсіздік;
- 2) оның мүшелерінің қоғамдық негіздегі қызметі;
- 3) автономдылық;
- 4) дербестік;
- 5) жариялылық қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

## **4-тарау. Қоғамдық кеңестің құрамы**

10. Қоғамдық кеңес Қоғамдық кеңестің Төрағасы мен мүшелерінен тұрады.

11. Қоғамдық кеңестің 70%-ын коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың өкілдері құрайды, Қоғамдық кеңестің 30%-ын Қоғам өкілдері құрайды.

12. Қоғамдық кеңестің Төрағасы Қоғамдық кеңес мүшелерінің арасынан ашық дауыс беру арқылы сайланады.

### **5-тарау. Қоғамдық кеңес қызметінің тәртібі, отырыстар өткізу және шешімдер қабылдау**

13. Қоғамдық кеңестің Төрағасы Қоғамдық кеңестің қызметіне басшылық жасайды.

Қоғамдық кеңестің Төрағасы өз өкілеттігі шеңберінде:

1) Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырады;

2) отырыстарда төрағалық етеді;

3) Қоғамдық кеңес отырысының хаттамасына және Қоғамдық кеңес атынан өзге де құжаттарға қол қояды;

4) Қоғамдық кеңестің шешімдерін (ұсынымдарын) іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіреді;

5) отырыстарға кеңесші дауыс құқығымен қатысады;

6) өзі болмаған уақытта Төрағаның міндеттерін атқаруды Қоғамдық кеңес мүшелерінің біріне береді.

14. Қоғамдық кеңестің жоғары органы және жұмыс нысаны оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды болып есептелетін отырыс болып табылады. Қоғамдық кеңестің отырыстарын бейнеконференцбайланыс режимінде өткізуге жол беріледі. Қоғамдық кеңестің отырыстары Қоғамдық кеңес Төрағасының және мүшелерінің, Қоғам Басқармасы Төрағасының бастамасы бойынша қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет өткізіледі.

15. Қоғамдық кеңестің отырыстары ашық болып табылады.

16. Отырыста Қоғамдық кеңестің хатшысы хаттама жүргізеді, онда:

1) отырысты өткізу күні, орны және уақыты;

2) қатысушылардың саны;

3) Қоғамдық кеңестің отырысқа қатысып отырған құрамы және кворумның болуы туралы;

4) Қоғамдық кеңестің сөйлеген мүшелерінің, Қоғам өкілдерінің және шақырылғандардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);

5) күн тәртібі, есеп пен сөз сөйлеудің мазмұны;

6) Қоғамдық кеңес отырысында мәселелерді талқылау қорытындылары және қабылданған шешімдер (ұсынымдар);

7) Төрағаның, оны алмастыратын адамның және Қоғамдық кеңес хатшысының колдары көрсетіледі (қосымша мәліметтерді/деректемелерді қамтуы мүмкін).

17. Қоғамдық кеңес отырысының хаттамасын ресімдеу және қол қою Қоғамдық кеңес отырысы өткізілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

18. Қоғамдық кеңестің шешімдері Қоғамдық кеңестің отырысына қатысып отырған мүшелердің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Шешімдер Қоғамдық кеңестің Төрағасы мен хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Қоғамдық кеңестің отырысында қаралатын мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде Қоғамдық кеңестің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда Төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі. Мәселелерді қарау нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес осы Ереженің 23-тармағында көзделген мерзімде қарау және шешім қабылдау үшін міндетті болып табылатын ұсынымдар енгізеді.

19. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) өтінішті құзыреті бойынша тиісті мемлекеттік органға немесе жергілікті мемлекеттік басқару органына жіберу туралы;

2) Қоғамдық кеңестің отырысында осы өтінішті қарау туралы;

3) келіп түскен өтінішті қарау бойынша қоғамдық бақылау нысандарының бірін жүргізу туралы.

20. Қоғамдық кеңестің ұйымдастыру мәселелерін шешуді, отырыстарын дайындау мен өткізуді, Қоғамдық кеңесте іс жүргізуді ұйымдастыру мен жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында Қоғамдық кеңестің Хатшысы:

1) Қоғамдық кеңес отырыстарын дайындау мен өткізудің ұйымдастыру мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді;

2) Қоғамдық кеңесте іс жүргізуді ұйымдастырады және жүргізеді, сондай-ақ Қоғамдық кеңестің Қоғамдағы шешімдерін (ұсынымдарын) қарау мерзімдерін бақылайды;

3) Қоғамдық кеңес отырысы өткізілетін күнге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей, оның мүшелерін отырыстың өткізілетін уақыты мен орны, қарауға шығарылатын мәселелер тізбесі туралы электрондық пошта арқылы хабардар етеді;

4) Қоғамдық кеңес мүшелерін шешім қабылдау үшін қажетті материалдармен, құжаттармен және ақпаратпен қамтамасыз етеді;

5) Қоғамдық кеңес отырыстарын өткізуді ұйымдастырады;

6) Қоғамдық кеңес шешімдерінің жобаларын дайындайды және оларды интернет-ресурс немесе электрондық пошта арқылы не үш жұмыс күні ішінде қолма-қол Қоғамдық кеңестің барлық мүшелеріне жеткізеді;

7) Қоғамдық кеңестің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі басқа да функцияларды жүзеге асырады.

21. Қоғамдық кеңестің хатшысы Қоғамдық кеңестің мүшесі болып табылмайды. Қоғамдық кеңестің Хатшысы болмаған жағдайда оның функциялары Қоғамның Құқықтық қамтамасыз ету департаменті жұмыскерлерінің біріне уақытша жүктеледі.

## **6-тарау. Қоғамдық кеңестің өкілеттіктері, құқықтары мен міндеттері**

22. Қоғамның Қоғамдық кеңесінің өкілеттіктеріне:

1) Қоғамның даму стратегиялары мен жоспарларының жобаларын талқылау;

2) Қоғамның даму стратегиялары мен жоспарларының іске асырылу мониторингі мен есептерін талқылау;

3) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін талқылау;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және мемлекеттік органдарға енгізу;

5) қызмет бағыттары бойынша комиссиялар құру;

6) Қоғамдық кеңес туралы ережені бекіту;

7) Заңда көзделген нысандарда қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.

23. Осы Ереженің 22-тармағының 2), 3) және 7) тармақшаларында көзделген өкілеттіктерді орындау жүзеге асырылғаннан кейін Қоғамдық кеңес Қоғам Басқармасына ұсынымдар енгізеді, ол бір ай ішінде, ал 1) тармақша бойынша - он жұмыс күні ішінде Басқарма Төрағасы не оны алмастыратын адам қол қоятын дәлелді жауапты ұсынады.

24. Қоғамдық кеңес мүшелерінің өз өкілеттіктерін іске асыру мақсатында:

1) осы Ереженің 22-тармағында көзделген мәселелер бойынша Қоғамның нормативтік құқықтық актілерінде және ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Қоғам ғимаратына кіруге;

2) осы Ереженің 22-тармағында көзделген мәселелер бойынша Қоғам өткізетін іс-шараларға қатысуға;

3) Қоғамға осы Ережеде белгіленген өз өкілеттіктерін жүзеге асыру мақсатында қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша жүгінуге;

- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;
- 5) Қоғамнан Қоғамдық кеңес мүшесінің мәртебесін куәландыратын құжатты алуға;
- 6) қажеттілігіне қарай тұрақты және (немесе) уақытша жұмыс органдарын: комитеттер мен сараптамалық топтарды құруға;

7) Қоғам жүзеге асыратын сатып алу жөніндегі тендерлік комиссияларға (аукциондық комиссияларға) қатысуға құқылы.

Қоғамдық кеңестің мүшесі өз қалауы бойынша жазбаша нысанда өтініш беру жолымен оның құрамынан шыға алады.

Қоғамдық кеңестің мүшесі оның жұмысына денсаулық жағдайы бойынша не Заңда белгіленген тәртіппен өзге де негіздер бойынша қатысу мүмкін болмаған жағдайда Қоғамдық кеңестің шешімімен оның құрамынан мерзімінен бұрын шығарылуы мүмкін.

25. Қоғамдық кеңес және оның мүшелері өз қызметінде:

1) Конституцияның, оған сәйкес келетін заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті, Үкіметі актілерінің және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын сақтауға;

2) өз қызметін жұртшылықпен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асыруға;

3) жылына кемінде екі рет халықты Қоғамдық кеңестің қызметі туралы бұқаралық ақпарат құралдары және (немесе) интернет-ресурстар арқылы хабардар етуге;

4) бұқаралық ақпарат құралдарында өз қызметі туралы есепті жариялауға және (немесе) Қоғамның интернет-ресурсында орналастыруға;

5) Қоғамның келісімінсіз жұмыскерлердің дербес деректерін таратпауға, сондай-ақ «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қол жеткізу шектеуге жатпайтын ақпаратты қоспағанда, Қоғамдық кеңесте өкілеттіктерін орындау кезінде өздеріне белгілі болған коммерциялық не Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны (құпия ақпарат) құрайтын мәліметтерді жария етпеуге;

6) осы Ережеге қосымшаға сәйкес құпия ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемеге қол қоюға міндетті.

## **7-тарау. Қоғамдық кеңес мүшелерінің жауапкершілігі**

26. Қоғамдық кеңестің мүшелері Қоғамдық кеңесте өкілеттіктерін орындау кезінде белгілі болған құпия ақпаратты жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

## **8-тарау. Қорытынды ережелер**

27. Осы Ереже Қоғамдық кеңестің шешімімен бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

### Құпия ақпаратты жария етпеу туралы МІНДЕТТЕМЕ

Мен, \_\_\_\_\_, «KazakhExport» ЭСК» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Қоғамдық кеңесінің мүшесі 5 жыл бойы өзіме:

- функцияларды осы Міндеттемеге және Қоғамның талаптарына қатаң сәйкестікте жүзеге асыру;
- Қоғамның Қоғамдық кеңесіндегі қызметі барысында маған белгілі болған Қоғамның құпия ақпаратын қатаң сақтау;
- Қоғамның Қоғамдық кеңесіндегі жұмыс барысында маған сеніп тапсырылатын немесе белгілі болатын Қоғамның құпия ақпаратын жария етпеу;
- Қоғам басшылығының келісімінсіз Қоғамның құпия ақпаратын үшінші тұлғаларға бермеу және жария түрде ашпау;
- Қоғамның іскерлік қатынастары бар ұйымдардың коммерциялық құпиясын құрайтын ақпаратты сақтау;
- Қоғамның құпия ақпаратының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын орындау;
- бәсекелестік әрекет ретінде Қоғамға залал келтіруі мүмкін басқа қызметпен айналысу үшін құпия ақпаратты пайдаланбау;
- бөгде адамдар менен Қоғамның құпия ақпаратын алуға тырысқан жағдайда бұл туралы Қоғам басшылығына дереу хабарлау;
- құпия ақпаратты жария етуге әкелуі мүмкін фактілер туралы Қоғамның Комплаенс-қызметіне дереу хабарлау;
- Қоғамның Қоғамдық кеңесінің мүшесі ретінде өкілеттігі тоқтатылған жағдайда Қоғамның тиісті лауазымды адамына орындауға байланысты менің иелігімде болған барлық құпия ақпаратты (құжаттар, сызбалар, қолжазбалар, магниттік таспалар, перфокарталар, перфотаспалар, дискілер, дискеттер, басып шығарулар, кино және фотоматериалдар, бұйымдар және т.б.) беру ;
- Қоғамның Қоғамдық кеңесінің мүшесі ретінде өкілеттігі тоқтатылғаннан кейін 5 жыл ішінде Қоғамның құпия ақпаратын өзі немесе басқа адамдар үшін жарияламауға және пайдаланбау ерікті міндеттемелерін қабылдаймын.

Мен осы міндеттемені бұзған жағдайда:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылатыным;
- Қоғамның Қоғамдық Кеңесіндегі қызметі кезеңінде де, өкілеттіктері тоқтатылғаннан кейін де Қоғамның құпия ақпаратын құрайтын мәліметтерді жария етуге немесе менің жеке мақсаттарымда пайдалануға байланысты Қоғам шеккен залалдарды 5 жыл ішінде өтеуге міндетті болатыным туралы хабардармын.

Аты-жөні \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

20 \_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_.